

Перизат Берікболова

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ МЫСАЛ АУДАРМАЛАРЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕРЛІК ИДЕЯ

Резюме

В статье анализируются идейно-тематическое значение «Сорок басен» («Қырық мысал») Ахмета Байтұрсынова. В начале XX века данное произведение А.Байтұрсынова равно, как и остальные была изъята из научного оборота с 1937 года. В том же году автор этого труда был репрессирован и расстрелян. Автор статьи открывает суть «Сорок басен» со стороны национальных ценности казахского народа.

Resume

This article analyses the thoughts of struggle in the work "Forty Fables" (Қырық мысал) by Akhmet Baitursynov. During the Soviet time it was strictly prohibited to read the works of Ahmet Baitursynov. While translating the fables of I.A. Krylov Ahmet Baitursynov added his own thoughts to them. The aim of most of his works is to awake the people

Özet

Sovyetler döneminde Ahmet Baytursinov'un eserlerini okumak yasaktı. Kazakistan bağımsızlığını aldıktan sonra araştırılmaya başlayan şair, eğitimci, ilim adamı, tercüman ve devlet adamı olan Ahmet Baytursinov'un "Kırık misal" (kırk fabl) eserinin de değeri büyüktür. Bu makalede onun Rus fabl yazarı İ.A.Krlov'dan tercüme ettiği fabllarındaki mücadele düşüncesinin tahlili yapılmıştır. A.Baytursinov bu fablları tercüme ederken İ.A.Krlov'da olmayan kendi mısralarını da katarak halka mesaj vermiştir. Bu tercüme eserlere tamamen milli ruh ve düşüncayı giydirerek çok farklı bir eser ortaya koymuştur.

Кеңес дәуірі ыдырап, ақтаңдақтарымызға қауышқалы бері олар туралы көптеген еңбектер жазылды. Олардың артына қалдырған әдеби мұралары жарыққа шығып, халқына қайтып оралды. Ал, зерттеуші ғалымдар олардың еңбектеріне терең үңілуде.

Сол алыптарымыздың бірі көрнекті ағартушы-ақын, филолог-ғалым, тағылымды тәржімашы, қоғамдық және саяси қайраткер-Ахмет Байтұрсынұлы. Ахмет Байтұрсынұлы – ақындығын, ғылым – білімін өнер үшін, әдебиет үшін емес, халқы үшін, халқының бостандығы үшін жұмсаған адам. Халықтың санасын ояту, көзін ашу, оқу білім арқылы бодандықтан құтқарудың жолдарын көрсету үшін поэзияны қолданған. Қазақ-қара сөзден гөрі өлең-сөзді сүйіп тыңдайтын, жететүсінетін халық. Ақын да халықтың осы ерекшелігіне көңіл бөлген. Халықтың көңіліне, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолын іздеген ақын өлеңдік жаңа форма-мысалды таңдайды.

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И.А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И.И. Хемницердің «Ат пен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С.Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

Ахмет Байтұрсынұлының күрескерлігі бұл -оның саяси күрескерлігі. Ақын патша үкіметінің отарлау саясатына, қазақ даласындағы жолсыздықтарға, патша үкіметінің айуандығы мен болыс билердің опасыздығына, дүние қоңыз байлардың тас бауырлығына қарсы күресті. Шығармаларында осы жәйді жеткізуге, санаға сіңіруге тырысты. Өлеңдері болсын, аудармалары болсын, газет жүзіндегі мақалалары болсын осы сарында болды.

М.Әуезов былай дейді: “Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны, “Қырық мысал”, “Маса” еңбегі, “Қазақ” газетінің 1916-жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер, білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытқанда да, тарих

ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі де біледі. Бұның шындығына ешкім дауласпайды. “(1,19 б) М.Әуезовтің сөзінің дәлдігі мен шындығы бүгінгі таңда дәлелденіп отарғандай. Ал С. Сейфуллиннің мына сөздері ойымыздағыны аша түскендей: “А.Байтұрсынұлы - қарапайым кісі емес, оқыған кісі. Оқығандардың арасынан шыққан, өз заманында патша ,арам қулықты атарман-шабармандарының қорлығына, мазағына түскен халықтың намысын жыртып, дауысын шығарған кісі. Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап жүргенде, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді.

Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары губернатор, соттарға күшін сатып тілмаш болып, кейбір оқығандары арларын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай, қызмет қылды.”(2)

Көріп отырғанымыздай ақынның еңбегі, қызметі өз кезінде де жоғары бағаланған. Ал біздің міндетіміз оның бізге қалдырып кеткен мұраларын жете зерттеп, келер ұрпаққа жеткізу. Өйткені, ол өзі болашақтан, келер ұрпақтан көп үміт күткен.

Тән көмілер , көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін
Жұрт ұқпаса ұқпасын, жабықпаймын,
Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін....

Ақын ақындықты төл туындыларымен емес осы Крыловтың мысалдарын аударумен бастайды .Ондағы мақсаты жоғарыда да айтып кеткендей ақындығын таныту емес осы мысалдар арқылы өзінің күрескерлік идеясын жеткізу.

Ақынның кейбір мысалдарын талдап көрейік. “Қасқыр мен тырна” мысалының қысқаша мазмұны мынадай. Аш қасқыр жолда тауып алған сүйекті жұтып жібереді де, ол тамағына тұрып қалады. Тырнаға жалынып, оны өтірік мақтап көмек сұрайды. Қасқырмен дос болмайтынын біле тұра аңқау тырна оған қол ұшын береді. Өлімнен құтылған қасқыр рахмет айту былай тұрсын ,тырнаның өзін жеп қоя жаздайды. Аңқау тырна болса әлі де сый сыяпат күткендей. Ақын мысалдың соңында өз ойын былай білдіреді.

Қайырды қарап істе адамына
Қарайлас өзіңменен шамалыға
Қасқырдай қара жүрек залымдардың
Жүрмендер түсіп кетіп тамағына.

Осы соңғы қорытынды төрт шумақта ақын әлеуметтік астары мол ой айтады. “ Қасқырдай қара жүрек залымдардың, жүрмендер түсіп кетіп тамағына” деп отандастарын сақтандырып, мысалдағы аллегориялық астарды айқындап , дерексізден деректілікке жетелейді. Қасқырды “қара жүректі “ адам бейнесіне жақындата түседі, яғни аллегориялық астар ашылып Ахаң мензеген зорлықшылдың шынайы бейнесін танимыз. “ (3,94-б). Сол кездегі халықтың жағдайын білгені үшін халқын қорғаштап, ескертуді жөн көреді. Кімге қайырым жасау керектігін біл, өзің шамалыларға көмектес.

Сөзбен сені арбағандар керегін алған соң, сені жұтып жіберуі де мүмкін. Қара жүрек залым адамдардан сақ болындар деп ескертеді. Ал дәл осы қасқыр мен тырна арасындағы оқиға дәл сол кезде қазақ даласында жиі ұшырасып тұратын жағдай болған.

Ақынның отаршылдықпен бет пердесін сыпырып тастаған аудармасы “Ала қойлар.” Енді осы мысалдың қысқаша мағынасын бере кетейік. Аң патшасы арыстан ала қойларды жақтырмайды. Олардан құтылудың жолын іздейді. Бірден қырып тастаса “жазықсыз қан төкті “деген“ атақ“ алмақ. Сөйтіп аю мен түлкіні шақырып алып ақылдасады. Ойға шолақ аю бірден бәрін қырып тастайық дейді. Ал түлкі болса аюға қарағанда айлалы, қу. Ол былай дейді

“Данышпан, әділ патша тақсыр ханым
Жазықсыз сіз төкпейсіз нашар қанын
Сенімді жақсы қойша табылмаса
Бақтырмай қасқырларға жоқ амалың.

Аз дәурен оған дейін бұл қойлар да,
“Тұрмыз деп кеңшілікте “ жүрсін ойлай
Білінбей бірте бірте құрып болар,
Асылы, жаман бізге қоймай “

Түлкінің айлакерлігі сонша, қойларды арыстанның атына кір келтірместен құртуды ұсынады. Әрі қойлар да өмірлеріне риза сияқты. Бұл жерде көрініп те тұрғандай арыстан ақ патша, аю мен түлкі оның кеңесшілері, ала қойлар болса бұратана халық. Қасқыр ақ патшаның жеңдеттері, тіпті бұратана халық арасынан таңдалған, халқын емес жеке басының қамын жеген, патшаға, губернаторға жағу үшін халқына қысым көрсеткен болыс билер де болуы әбден мүмкін. Халық арасынан шыққандар өз халқына қысым көрсетсе бұл тіпті де ақ патша мен сарай адамдарының ісі сияқты көрінбейді.

Жарықтық арыстанда еш кінә жоқ
Бұзықтар қасқырлар ғой антұрғандар,

- деп ақын керемет талдау жасайды.

Ақынның дәл осы шығармасы кейінгі Сталин заманына да сілтеме жасағандай. Халқымыз, зиялыларымыз қырылғанда қара халық оны Сталиннен көрмеген. Осы қырғынды жүзеге асырушы жеңдеттерден көрген. Тіпті бала кезімде әжемнің “Сталин мұның бәрін білген жоқ. Егер білсе бұлай болуына рұқсат етпес еді,” деген сөздері әлі есімде.

Ақын отаршыл саясаттың қара ниетін, жаман ойын жайып салғандай. Мысалдың соңында түйіндеп жатпайды:

Көкжалдан қойшылар тым көбейіп тұр
Береке ала қойға кірсе, кірер?

деп мысқылды ой тастайды.

Бұратана халық - әлсіз халық, отаршы халық - күшті халық. Отаршылардан әділет күтудің керегі жоқ. Тарих оған өзі куә.

“Қасқыр мен қозы “ мысалында да ақын осы ойға көңіл бөледі. Бұлақ басына су ішуге келген қозыға қасқыр кінә таға бастайды. Қозы болса ақталып бағады. Қозының сөзі рас болса да қасқыр кінә іздеуден жалықпайды.

Әкенді алдындағы танымсың,
Бәлем, сен байқап қара, ашып көзің

- деп тіпті қорқытып та алады. Өзінің дөкейлігін есіне түсіреді қозының. “Әкең“ деу арқылы өзінің күштілігін, мықтылығын, үстемдігін, өктемдігін, қарсы келмеу керектігін де сездіреді.

Қозы барлық кінәлардан арылып, ақталып шыққанына шыдамай соңында:

Алыпсың жаман әдет қарсыласып,
Сенімен тұрам ба мен мылжындасып.
Айтайын білгің келсе, қозым, саған,
Кінәң сол жегім кеп тұр, қарным ашып

Негізінде қасқырдың қозыны жеу үшін белгілі себебінің болуы шарт емес. Қасқыр-отаршыл, қозы-халық. Отаршыл үшін бұратананың қозы құрлы қадірі жоқ.

Осындай жазықсызды жазғыратын,
Әр жерде күштілер де бар ғой қалып.

.....

Нашарды талай адам талап жеп жүр
Бөріден артық дейміз оның несі?

Сондықтан да кінәсіз болсам, қасқырға жем болмаймын деп ойлап отаршыдан әділеттілік күтуге болмайды, сақ болу керек дейді ақын.

“Ахмет мысалынан патшалық Россияның өктем озбырлығын айна қатесіз тануға болады. Отаршылдық құрсағындағы халықтың “басты кінәсі” де осы қозы тағдырына ұқсас, бұратана халық, әлсіз ел болуында. “Қасқыр мен қозы” “мысалында ақын осыны меңзеп, отаршылардан ешқандай әділет жолын күтпеді ғибрат етеді” (3, 986)

“Қасқыр мен мысық” мысалында да қасқыр-зорлықшыл, отаршылдықтың символы. Ауыл иттерімен аңшылар қиқулап соңына түскенде мысықтан көмек сұрайды. Кімге барып жан сауғаласам дейді. Мысық ретімен Қоянқөзге, Құрамысқа, Көпбергенбайға, Қисықбасқа барғанының жөн болатындығын айтады. Ал қасқырдың болса бұлардың барлығына да залалы тиіпті, барарға беті жоқ. Сонда мысық :

“Мен қайран, мысық айтшы, істеріңе
Залалдан басқа нәрсе істедің бе
Байдың көбі, жарлының жалғыз да
Тиіпті, тыңдап тұрсам, тістеріңе
Енді не іздеп келдің іштеріңе
Жынды жоқ сені аман құтылдырып
Алғандай бәле тілеп үстеріңе.
“Не ексең соны орасың” деген сөз бар.
Ор енді егінінді піскенінде”

дейді. Отаршылардың халық ішінде байға да, қараға да, жақсыға да, жаманға да залалы тиді. Оларды айналып өткен ешкім жоқ. Бірақ бұл былай қалмайды. Олардың да қысылтаян күні туар, сонда олар “не ексе соны орады” деген тұжырым жасайды ақын.

Отаршылардың бодан халыққа деген ниетінің түзу болуы мүмкін емес. Мұны халық білмей, сезбей қалуы да мүмкін.

“Түлкі мен қарашекпен” мысалында оқиға былай өрбиді. Қарашекпен түлкіге ұрлық қылмай, еңбек етіп қарнын неге тойғызбайтындығын сұрайды. Түлкі болса бала шағаның, аштан өлмеудің қамы дейді. Сонда қарашекпен оған тауықтарын бақтырады. Еңбек етіп қарнын тойғызуын ұсынады. Бірақ қарны тойып семірген түлкі ескі әдетіне басады.

Бағуға тауықтарды жәһаты зор,
Жалғыз ақ ниет құлқы түзелген жоқ.

Барлық тауықты жолына құрбан етіп, түлкі кете барады.

Адамдар ұяты бар ниеті ақ,
Ұрламас аштан өлер болса да нақ
Санап бер саф алтыннан еш алмайды,
Ұрлығын ұры қоймас түлкідей ақ,
Бұзықтық бай жарлыға бірдей нәрсе
Пигылды түзетпейді дәулет пен бақ.

деп халқына ой салады. Пиғылы түзу еместерден сактандырады. Бір түнде бәріңді құрбандыққа шалып жіберуі ықтимал дейді.

Ал “Қарашекпен мен қой” атты мысалда да әлсіз, әділетсіздікке қарсы тұра алмайтын бодандық қой образымен берілген. Оқиға желісіне назар аударайық. Қарашекпен қойды сотқа шақырады. Төреші болса “кемшіл” деген атақтан сау емес – түлкі. Талапкер екі тауығын қойдың жеп қойғанын айтады. Қой қанша ақталса да сот оны кінәлі деп табады. Соңында мынадай үкім шығарады.

Тексерген іс түбіне қарағанда,
Мұғайын, тауықтарды осы жепті
Обал жоқ ертесе де мұны отқа
Апарып өлтіріңдер байлап оққа,
Терісімен талапкерді риза етіп
Әкеліп тапсырыңдар етін сотқа.

Бұл соңғы шумақта ақын басқа мысалдардағыдай өз ойын, түйін сөз айтпайды. Ойлануды оқырманға қалдырады. Оқымасаң, оянбасаң, тәуелсіз ел болмасаң осы қойдың кебін киесің дейді, терең ой тастайды. Соттың түлкі болып тұрған мына заманнан әділеттілік күтпе, қойдың тағдырын құшып жүрме. Сенің бәрібір бас бостандығың жоқ. Сот саған қандай кінә тақса да еркі. Еркін, тәуелсіз адамды ғана тыңдайды, тек сол жағдайда ғана өз құқығыңды талап ете аласың. Олай болса қимылда дейді.

Ақынның басқа мысалдары сияқты «Аңдарға келген індет» мысалында да осы күрескерлік сарын бар, терең ой бар. Ормандағы аңдарға індет келіп, бәрі қырыла бастайды. Аң патшасы арыстан бәрін жиып алып күнәсі көпті құрбан шалайық дейді. Аңдардың көбі әрі жыртқыш, әрі тісті, әрі тырнақты. Бірақ соңында бір тұтам шөп ұрлаған өгіз кінәлі болып шыға келеді. Бәрі жабылып өгізді құрбандыққа шалады.

Адамның шөбі түгіл өзін жеген
Тісті мен тырнақтылар аман қалды.

- дей келе ақын тағы да әділетсіздікке назар аударады. Бодандықта әділет күту мүмкін еместігін, әділетсіздіктің тек қана тәуелсіз халықта болатындығына меңзейді.

Ақ патша мен оның жендеттері үшін әрдайым әлсіз, бодан халық ең күнәлі халық. Жыртқыштар мықты, өгіз әлсіз. Әлсіз болсаң әрдайым кінәлісің. Соңында ақын өз тұжырымын жасайды

Үлгі айтып, жұрт үйретер қайда билік,
Өншейін ермек етем сөйлеп, күліп.
Аңдардың осы ісінен бөтен емес,
Түзілген кейбір жұртқа әкімшілік.

Тауыса алман дүние кебін, айтып санап.
Хәкім аз, іс ететін ғәділ қарап.
Залымдар айран ішіп аман кетіп,
Момындар тұтылып жүр шелек жалап.

Аңдардың ісін әкімшіліктің ісіне теңейді. Әкімшілік я отаршылар, я да олардың қолшоқпарлары. Халықтың хәлі емес, өз мүдделерін көздейді. Сол кезде дәл осы мысалдағыдай оқиғалар көп кездескен. Залымдар айран ішіп кетіп, момындар тұтылып отырған. Бұдан шығар жол тағы да оқу және сол оқу арқылы бодандықтан құтылу.

«Малшы мен сарымаса» мысалында қаннен қаперсіз ұйықтап жатқан малшыны қара жылан шағайын деп келе жатқанда сарымаса шағып алады. Ұйқысын шала ашқан малшы масаны қағып өлтіргеннен кейін қара жыланды байқайды. Өзін өлімнен құтқарған масаны өлтіргеніне қатты өкінеді. Бұл жерде ұйықтап жатқан малшы бодан халық, оны «қапысын ұйықтағанда табайын» деп шаққалы келе жатқан отаршы жау, малшыны оятқан маса болса қазақ зиялы қауымы. Оның міндеті «ұйқыдан мәңгілік оянбағанын діттеген», соны жүзеге асыруды көздеген қатерлі жаудың қаскөй әрекеті мен зұлым ойын халыққа жеткізу. Оның қаншалықты қауіпті екендігін ұғындыру» (3, 1006).

Мысалды қазақ малшы ұйықтап жатқан,
Жыланды пәле делік аңдып баққан
Пәленің түрін көрген мен Сармаса
Халықты оянсын деп сөзбен шаққан

Ойлаймын осы сөз де жетеді деп
Қатты айтсам сөзім батып кетеді деп
Ұйқысы ашылмаған жұрт өзімді
Қорқамын сармасадай етеді деп.

Ақын осы соңғы екі шумаққа өз өмірінің барлық арман мақсатын, мүддесін сыйғызғандай. Сондай ақ осы «Малшы мен сармаса» мысалы, ақынның «Маса» атты шығармасына арқау болды.

Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып
Қаққы жеп, қанаттары бұғылғанша
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен
Қоймастан құлағына ызындаса дейді ақын

Ақын өлеңді ермек үшін жазбаған. Крыловтың мысалдарын тандап аударуында да үлкен мән бар. М. Әуезовтің сөзімен айтқанда. «қазақ халқының құлағына алғаш рет төңкеріліс рухын» естірту (1, 196) үшін жазған. Оның қаруы бойындағы ақындық дарыны еді.

Крыловтың аудармалары арқылы ақын ойлаған мақсатына жеткен. Аудармаларындағы тілге тиек еткен әділетсіздікті, кінәлі де болса күшті отаршылардың қысымын өзі де өмірде көріп өткен. М. Әуезов ақынға «әдебиетіміздің басы» деген баға берген. Ол ешкімнен қорықпаған. Халқын ояту үшін маса болып шырылдаған. Өлім оны үркітпеген, тек өз қандастарының опасыздығы оған қатты батқан.

Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асканы, атқаны
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттерінің үріп, қапқаны.

«Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын, айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойын ұсынады. Бұрынғы ескі ертегі, хикая үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Крыловтың мысалдарын аударған « (4,6 б)

«Ахмет Байтұрсынов – шығармашылық еңбектің қай саласында болмасын мол мұра қалдырып, қоғамдық өмірдегі, ұлттық тарихымыздағы өз орнын айқындап кеткен тұғырлы тұлға. Ол – тілші ғалым, ағартушы ұстаз, тәржімадан төл туынды тудырған аудармашы, көшелі сөздің көшін бастаған көсемсөзші, өлеңіне азатшыл ойды арқау еткен ақын, елінің ескіден қалған сөзін терген ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, сөз өнерінің қисынын тауып, қиюын ойған әдебиеттанушы ғалым.»(5,176-б).

Қорытындылай келгенде, Ахмет Байтұрсынұлы туған халқына қасықтай қаны қалғанша қызмет етті, осы ұлы миссиясы үшін жанын пида етті. Қазіргі жас ұрпақ оны мақтан тұтады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әуезов М., Аханның елу жылдық тойы/Ақжол-Алматы: 1992.-196
2. Сейфуллин С., Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды //Еңбекші қазақ.-1923. 19 қаңтар
3. Әбдіманұлы Ө., Ахмет Байтұрсынұлы. –Алматы:Арда,2007.-94, 98, 100 беттер.
4. Нұрғалиев Р., Алып бәйтерек / Ақжол-Алматы : 1992- 6 бет
5. Әбдіманұлы Ө., Қазақ әдебиетіндегі ұлт азаттық идея.-Алматы, 2008-176-б